Толқын Әбдірашова,
А.Жақұтов атындағы 2-ЖЭО Баптау және табиғатты қорғау цехы 4-разрядты химиялық талдау зертханашысы

Энергетика саласында кездейсоқ нәтижелер болмайды – әрбір көрсеткіштің артында маманның ұқыптылығы, білімі және жеке жауапкершілігі тұрады. А.Жақұтов атындағы 2-ЖЭО баптау және табиғатты қорғау қызметі цехының 4-разрядты химиялық талдау зертханашысы Толқын Әбдірашова үшін жұмыс – жай ғана мамандық емес, күн сайын өсіп-өркендеуге, адамдарға пайдалы болуға және станцияның тұрақты жұмысына үлес қосуға берілетін мүмкіндік.



Толқын станцияның өндірістік зертханасында еңбек етеді. Салада бар болғаны үш жыл жұмыс істеп келе жатқанымен, осы уақыт ішінде энергетика оған шын мәнінде жақын мамандыққа айналды. Әрбір жұмыс күні оған жаңа білім, жаңа тәжірибе және кәсіби өсу сезімін сыйлайды.



Балалық шағында ол журналист болуды армандайтын. Оны сөзбен жұмыс істеу, оқиғаларды баяндау мүмкіндігі қызықтыратын. Алайда тағдыр оны энергетика саласына алып келді. Уақыт өте келе ол бір нәрсені түсінді: мұнда да ол адамдарға қызмет етеді. Тек оның үлесі жарияланымдармен емес, нақты жүргізілген талдаулармен және тұрақты технологиялық көрсеткіштермен өлшенеді.



«Мен жұмыс аймақтарындағы ауаның құрамын және өндірістік цехтардағы жабдықтарды тексеремін, генераторлардың сутектік салқындату жүйесіндегі газ құрамын бақылаймын», – дейді Толқын. Бұл үдерістер барынша ұқыптылық пен технологиялық режимді терең түсінуді талап етеді. Себебі зертханалық бақылаудың сапасына станция жұмысының қауіпсіздігі мен сенімділігі тікелей байланысты.



Оның пайымынша, энергетика – жоғары жауапкершілік пен үздіксіз қызығушылықты талап ететін сала. Оның жұмысындағы ең маңыздысы – қауіпсіздік, сапа және тәртіп. Мұнда формальды көзқарасқа орын жоқ: әр қызметкер өндірістік үдерістегі өз рөлін нақты түсініп, ортақ нәтижеге жеке жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Толқынның айтуынша, бұл мамандықта әсіресе шыдамдылық, жинақылық және еңбекке деген құрмет жоғары бағаланады. Дәл осы қасиеттер жоғары жауапкершілік жағдайында сенімді алға жылжуға және дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі.



Толқын баптау және табиғатты қорғау қызметі цехындағы өз ұжымы туралы ерекше жылылықпен айтады. Бұл – әрдайым қолдау көрсетіп, ақыл-кеңесін аямайтын, тәжірибесімен бөлісуге дайын ұйымшыл әрі жоғары білікті мамандар командасы. Осындай ортада кәсіби тұрғыдан өсу де, ертеңгі күнге сеніммен қарау да әлдеқайда жеңіл.

Толқын энергетик мамандығын ел үшін беделді әрі маңызы зор кәсіп деп санайды. Бұл сала миллиондаған адамдардың тұрақтылығы мен жайлы өмірін қамтамасыз етеді, ал соған өз үлесін қосып жүргенін сезіну – ол үшін үлкен мәртебе.

Бос уақытын ол отбасына арнап, табиғат аясында серуендегенді ұнатады, жақындарымен бірге өткізген қарапайым сәттерді бағалайды. Оның өмірлік ұстанымы өзгермейді: адал еңбек – бұл адам абыройы.



Толқын Әбдірашова үшін энергетика – бұл жауапкершілік, қызығушылық және үздіксіз даму жолы. Ең бастысы – оның еңбегі адамдардың жылулықта әрі сенімді жағдайда өмір сүруіне ықпал ететінін сезіну.